



Басты бет / Заңнама / Заңнама

1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Сарышаған сынақ полигонын пайдалану мен жалға беру және Приозерск қаласының тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету шарттары туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 29 ақпандағы № 464-V ҚРЗ

← Қайта оралу

1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Сарышаған сынақ полигонын пайдалану мен жалға беру және Приозерск қаласының тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету шарттары туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2015 жылғы 16 сәуірде Мәскеуде жасалған хаттама ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Н.Назарбаев

1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Сары-Шаған сынақ полигонын пайдалану мен жалға беру шарттары және Приозерск қаласының тіршілік әрекетін қамтамасыз ету туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
ХАТТАМА

(2016 жылғы 1 сәуірде күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2016 ж., № 4, 60-құжат)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы

1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Сары-Шаған сынақ полигонын пайдалану мен жалға беру шарттары және Приозерск қаласының тіршілік әрекетін қамтамасыз ету туралы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) **25-бабын** басшылыққа ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

1. Келісімнің **10-бабының** он екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Полигон қолбасшылығы Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп, маусымдық ауыл шаруашылығы және геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу кезінде, сондай-ақ дүлей зілзалаларды жоюда көмек көрсету кезінде Қазақстан Тарапының Полигон аумағының учаскелерін пайдалану тәртібін айқындайды.».

2. Келісімнің **15-бабы** мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

«Полигонның жер учаскелерін Ресей Тарапымен келісім бойынша, осы Келісімге залал келтірмей, Қазақстан Тарапының үшінші елдермен әскери және әскери-техникалық ынтымақтастығы мүдделеріне орай пайдалануға жол беріледі. Ресей Тарапы осындай пайдалану нәтижесінде туындаған теріс салдарларды жою және Қазақстан Тарапына, оның ішінде экологияға және табиғатты пайдалануға келтірілген залалды өтеу үшін жауапты болмайды.

Жекелеген жер учаскелерін пайдалану мәселелерін жоспарланған жылдың алдындағы жылғы 1 желтоқсаннан кешіктірмей Тараптардың Қорғаныс министрліктерімен келісіледі.».

3. Келісімге **қосымша** мынадай редакцияда жазылсын:

«1995 жылғы 20 қаңтардағы
Қазақстан Республикасы мен Ресей
Федерациясы арасындағы Сары-Шаған
сынақ полигонын пайдалану мен жалға
беру шарттары және Приозерск
қаласының тіршілік әрекетін
қамтамасыз ету туралы келісімге
ҚОСЫМША

Сары-Шаған сынақ полигоны жер учаскелерінің
шекараларын
айқындайтын координаттық нүктелердің
ТІЗБЕСІ

Нүкте нөмірі	Географиялық координаттар солтүстік ендік (град., мин., сек.)
-----------------	---

Координаттары бар нүктелері арқылы өтетін сызықпен
№ 1 учаске:

1	46 07 20
2	46 38 34
3	46 46 45
4	46 53 37
5	46 56 00
6	47 00 43
7	47 04 10
8	47 12 33

8	47 12 00
9	47 13 00
10	47 22 00
11	47 10 00
12	47 23 45
13	47 33 10
14	47 19 15
15	47 16 27
16	46 10 19
17	46 00 00
18	45 28 00
19	45 27 00
20	45 25 00
21	45 25 30
22	45 23 25
23	45 19 20
24	45 20 12
25	44 57 55
26	44 55 26
27	44 57 23
28	44 59 26
29	45 02 55
30	45 10 41
31	45 14 25
32	45 30 13
33	45 39 21
34	45 40 25
35	45 47 15
36	46 07 20

Координаттары бар нүктелері арқылы өтетін сызықпен
№ 2 учаске:

1	47 14 45
2	47 14 45
3	47 14 25
4	47 14 25
5	47 14 45

Координаттары бар нүктелері арқылы өтетін сызықпен
№ 3 учаске:

1	47 23 48
2	47 24 07
3	47 23 17
4	47 21 06
5	47 20 18
6	47 21 07
7	47 23 48

Координаттары бар нүктелері арқылы өтетін сызықпен
№ 4 учаске:

1	47 20 53
---	----------